

Бекітемін:
«Айяна» жеке мектепке
дейінгі білім беру мекемесінің
меңгерушісі Ж.Т.Рысбекова
/№1 педагогикалық кеңес 28.08.2025ж/

2025-2026 оқу жылына арналған
«Айяна» жеке мектепке дейінгі білім беру
мекемесінің жылдық жұмыс жоспары
(28.08.2025 жылы №1 педкеңес шешімімен бекітілген)

**«Айяна» жеке мектепке дейінгі білім беру
мекемесі туралы аннотация**

Атауы: «Айяна» жеке мектепке дейінгі білім беру мекемесі

Мекен – жайы: Батыс Қазақстан облысы, Орал қаласы Мұрат Монкеұлы 83/5

Электрондық мекен-жайы: ayanadetsad22@mail.ru

Веб-сайт: <https://ayana-sad.edu.kz/>

Жобалық қуаттылығы: 160 бала

Ғимарат түрі: 2 қабатты

Меңгеруші: Ж.Т.Рысбекова

Әдіскер: Ж.А.Елемесова

Жұмыс кестесі: Аптасына 5 күн. Сағат 8.00. нан 18.30 –ге дейін.

Топтар саны: 8 топ.

Олардың ерекшелігі: мемлекеттік тілде оқытылады

Бөбекжайда жас ерекшелігіне қарай - топ жабдықталған:

Кіші топ (2 жастан бастап)

Ортаңғы топ (3 жастан бастап)

Ересек топ (4 жастан бастап)

Мектепалды тобы (5 жастан бастап)

Демалыс күндер: сенбі, жексенбі, мерекелік күндер

Балабақшаның басты міндеттері:

-Балаларды азаматтық және патриоттық сезімге тәрбиелеу, өз Отанын Қазақстан Республикасын суюге,мемлекеттік рәміздерімен, ұлттық салт-дәстүрлерін құрметтеу.

- Адамгершілік негіздері мен салауатты өмір салтын қалыптастыру.

- Мектеп жасына дейінгі балаларды жан-жақты дамытып тәрбиелеу

- Баланы тиімді тәрбиелеп- оқыту үшін адамгершілік, ақыл-ой, мәдени және дене дамуын қажетті деңгейге жеткізу

- Отбасына бала тәрбиесінде көмек көрсету.

Мақсаты:

- Мектеп жасына дейінгі балаларды рухани адамгершілікке, патриоттық тұрғыда тәрбиелеу.

- Мектепке дейінгі балалардың ой-қабілеттерін, танымдық сезімдерін, балалардың тілін, сөздік қорларын қалыптастыру.

Бөбекжайда оқу – тәрбие жұмысында: Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының бекіту туралы» бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті Стандартын; Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі №394 бұйрығының 1,2,3 қосымшаларын; Қазақстан Республикасы

Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12

тамыздағы №499 «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы №422 бұйрығына қосымша Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын; Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдары мен мектепалды сыныптарында 2023-2024 оқу жылында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хатын («Балаларды ерте дамыту институтының» Ғылыми-әдістемелік кеңесінің 2024 жылғы 17 маусымдағы №5 хаттама) басшылыққа алынды.

Кадрлармен қамтамасыз етілуі: Бөбекжайда барлығы 16 педагог қызмет етеді. Меңгеруші, әдіскер-0,5, педагог-психолог-1, қазақ тілі-1, музыка жетекшісі-1, тәрбиеші-8, дене шынықтыру нұсқаушысы -1., логопед-1., ағылшын тілі мұғалімі-1., хореограф-1.,

Онда: жоғары педагогикалық біліммен – 11, арнаулы орта біліммен – 5 педагог. Педагог-зерттеуші -0; педагог-сарапшы-0; педагог-модератор- 8; «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту» мамандығы бойынша жоғары немесе арнаулы орта білімдері бар педагогтардың үлесі-100% құрайды.

«Айяна» жеке мектепке дейінгі білім беру мекемесі қызметін жылдық жоспарлау

Оқу жылына арналған жылдық жұмыс жоспары мектепке дейінгі ұйымның маңызды актісі болып табылады. Ол «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңында және Мектепке дейінгі тәрбиемен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптарына сәйкес келуі тиіс. Қойылған міндеттерге сәйкес жылдық жоспар келесі құрылымдық компоненттерді қамтиды.

«Айяна» жеке мектепке дейінгі білім беру мекемесінің қызметін жылдық жоспарлау

Оқу жылына арналған жылдық жұмыс жоспары мектепке дейінгі ұйымның маңызды актісі болып табылады. Ол «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңында және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптарына сәйкес келуі тиіс.

Қойылған міндеттерге сәйкес жылдық жоспар келесі құрылымдық компоненттерді қамтиды.

I. 2024 - 2025 оқу жылында жүргізілген оқу-тәрбие жұмысына талдау

2024 - 2025 оқу жылында жас ерекшелігіне қарай «Ақкеме» кіші топ, «Балапан» әр түрлі жас (кіші-ортаңғы) , «Аққу», «Гүлдер» әр түрлі жас (ересек-мектепалды), «Дарын» әр түрлі жас (ортаңғы,ересек, мектепалды) топтары жабдықталды. Бөбекжайда оқу жылында 110 бала тәрбиеленді.

№3 «Зерде» бөбекжай ұжымы оқу жылында жоспарланған мақсат, міндеттерді орындау мақсатында жұмыстанды:

1.Ойын арқылы оқытуда мектепке дейінгі балалардың ой-қабілеттерін, танымдық сезімдерін, балалардың тілін, сөздік қорларын дамыту

2.«Заман талабына сай ақпараттық коммуникациялық технологияларды меңгерте отырып, балалардың денсаулығын нығайту

Құзыреттіліктер	Нәтижелерді қорытындылау
«Физикалық қасиеттері» - дене шынықтыру	Қозғалыс дағдыларын меңгертуге, өмірлік маңызды қимылдарды өздігінен орындай алуға және бала денсаулығын нығайту және шынықтыруға бағытталған шаралар ұйымдастырылды. Балалардың аурушандығын, жарақат алуын кеміту бағытында жасалған жағдай жағымды жетістіктерге жеткізді. Жыл бойы бала денсаулығын нығайту шынықтыру-сауықтыру және ұйымдастыру жұмыстары атқарылды: - таза ауада қабылдау, - күнделікті серуендер - ертеңгілік жаттығулар - қимылды ойындар - дене шынықтыру іс-әрекеттері - спорттық шаралар. «Қозғалыс белсенділігін ұйымдастыру арқылы балалардың дене бітімін жан-жақты дамыту» тақырыбында педагогикалық кеңес өтілді. Өтілген шаралар: педагогтермен «Балалардың белсенді қимыл-қозғалыс ойындарын ұйымдастыру» баяндама, «Музыкалық қимыл-қозғалыс» шеберлік-сыныбы, «Спорт және денсаулық» викториналық сұрақ-жауап ойыны, «Дәстүрден тыс спорт құралы» көрме, «Үздік денсаулық бұрышы» байқауы; балалармен «Біз спортшы боламыз», «Ұлттық қимылды ойындар», «Біз ойнаймыз алақай», «Таза жүрем әрдайым» ашық ҰІӨ, «Спорт-біздің досымыз», «Көңілді спорт алаңы», «Қысқы олимпиада ойындары», «Жігер, Намыс, Қайрат», «Таза ауа-жанға дауа!», «Денсаулық - 2023» спорттық ойын-сауықтар, денсаулық күні, дене шынықтыру мерекелері. Балалардың бағдарламаны меңгеру нәтижесі: Жоғары— 93%, Орташа— 11%, Төмен— 0%.
Коммуникативтік дағдылар -сөйлеуді дамыту; -көркем әдебиет; -сауат ашу негіздері; -қазақ тілі.	Педагогтар «Коммуникативтік »дағдылар бойынша балаларға алған білімдерін түрлі қарым-қатынас пен өзара іс-әрекет құруда, ойындарда, сөздік шығармашылықта және іс-әрекеттің басқа түрлерінде пайдалануға мүмкіндік бере білді. Қазақ халқының педагогикалық ойын насихаттау мен жүзеге асырудың негізгі құралдары болып туған тілі, халық шығармашылығы, символикасы, өнері, салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы, халық ойындары, мақал-мәтел мен жұмбақтары болып табылды.

	Жылдық міндетке сай барлық топтарда ашық сабақтар өткізілді. Мемлекеттік тілімізді дәріптеу мақсатында тәрбиешілер арасында тіл мерекесіне орай «Өссе тілім, мен де бірге өсемін» атты сайыс өтті. Тұңғыш президент күніне орай «Біздің Елбасы» тақырыбындағы апталықта «Тұңғыш елбасы» атты өлең сайысы өткізілді. Жыл аяғында «Коммуникация» білім беру саласы бойынша қортынды оқу іс-әрекеттері өткізілді. Сондықтан туған тілін дамытуға, сөз арасында антоним, синоним, көп мағыналы сөздерді қолдануға көңіл бөлінді. Ұйымдастырылған оқу іс әрекетінде педагогтар балаларға сөйлеу барысында тілдік ерекшеліктерді түсіндіріп, грамматикалық құрылымын анықтап, сөз арасында монолог, эпитет, салыстыруды қолдануға көмектесіп отырды. Ертеңгіліктер мен ойын сауықтар балалардың мәнерлеп оқу қабілеттерін дамытты. Күн тәртібінде балаларды қоғамдық ортада өзін ұстауға және үлкендерге сыпайы қарым- қатынас жасауға, сұрақтарға жауап беруге үйретті. Бағдарламаны меңгеру нәтижесі: Жоғары— 92%, Орташа— 11%, Төмен— 1%. пайдалануға мүмкіндік бере білді.
Танымдық және зияткерлік дағдылар ☐ -математика негіздері	Бөбекжайда әр топ Танымдық және зияткерлік дағдылар бойынша жыл мезгілдеріне сай жасақтап жаңғыртып отырды. Табиғат бұрышында көктем мезгілінде көшеттер егіліп, соңынан топ үлескесіне балалармен бірігіп отырғызылды. Жаз мезгілінде аулаға бақша салынды. Ұйымдастырылған іс-әрекет, тәжірибе жасау, үлгі жасау, ізденіс-зерттеу әрекеттерін қолданып және сол ұйымдастырылған әрекет түрлері кезінде балалар дамуының жеке ерекшеліктерін үнемі ескеріп жұмыстанды. Қорыта келе, ойын іс-әрекеті балалардың құзыреттілігінің дамуына, тәрбиешілердің біліктілік даму деңгейін қадағалау мақсатында сондай-ақ ата-аналармен бірге экологиялық акция, көрмелер өткізуге осындай іс-шаралар жұмысымыздың жандануына септігін тигізді. Балалардың «Таным» білім беру саласы бойынша бағдарламаны меңгеру нәтижесі: Жоғары— 88%, Орташа— 11%, Төмен— 1%.
Шығармашылық дағдылар, зерттеу іс-әрекеті - сурет салу; - мүсіндеу; - жапсыру; - құрастыру - музыка.	Бір жыл ішінде Шығармашылық дағдылар, зерттеу іс-әрекетін ұйымдастыруда баланың өзінің шығармашылық ойын еркін білдіруге оны зерттеп ынталандыруға қызығушылығын арттырады. Осындай әртүрлі әдістердің болуы қол қимылдарын суретке, бояуға, түр-түске, жапсыруға, илеуге құштарлықтары артады. Көркемдік қиялын, шығармашылығының дамуына үлкен септігін тигізеді. Сурет салуға, бояуға, илеуге, жапсыруға қызығушылығы артады. Әдеби-музыкалық бас қосулар, фестивальдер мен арнаулы қызыл күндер уақытылы өткізілді. Ертеңгіліктерге ата-аналар да өнерлерін көрсетті. Бір жыл ішінде «Шығармашылық» білім беру саласын ұйымдастыруда баланың өзінің шығармашылық ойын еркін білдіруге оны зерттеп ынталандыруға қызығушылығын арттырады. Осындай әртүрлі әдістердің болуы қол қимылдарын суретке, бояуға, түр-түске, жапсыруға, илеуге құштарлықтары артады. Көркемдік

	қиялын, шығармашылығының дамуына үлкен септігін тигізеді. Іскерлік ойын "Шығармашыл тәрбиеші – шығармашылық бала" атты семинарын өткізді. «Мектеп жасына дейінгі балаларды сурет салуға үйретуде әр түрлі әдістерді қолдану арқылы бейнелеу өнеріне баулу» семинарын өткізді. Бұл семинарлардан шығармашылық жұмыстың қыр-сырын және балаларға қиялын ойын дамытуға көп әсері бар. Дәстүрден тыс және жаңа технологияларды тиімді пайдалануға болатындықтары туралы кеңінен айтылды. Балалардың «Шығармашылық» білім беру саласы бойынша бағдарламаны меңгеру нәтижесі: Балалардың Шығармашылық дағдылар, зерттеу іс-әрекеті бойынша бағдарламаны меңгеру нәтижесі: Жоғары— 91%, Орташа—7%, Төмен— 2%.
Әлеуметтік-эмоционалды дағдылар қоршаған ортамен таныстыру	Бұл әлеуметтік даму саласын дамыту барысындағы бағыт өте кең шеңберде алынды. Балалардың жеке басын, өзін-өзі тану, дербестігін әлеуметтендіру негіздерін қалыптастыру барысында балабақшада өткізілетін тәрбие жұмыстарына ойын түрлері, еңбек, ойын сауықтар, балалардың шығармашылық жұмыстары арқылы жүзеге асырылды. Ұйымдастырылған оқу қызметі арқылы педагогтар балаларды өздерін қоғамдық орындарда әдепті ұстау, үлкендермен қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастырады. Балалардың еңбекке ынтасан арттырып, өздігінен еңбек етуге машықтандыруда дербес жұмыс жасау, достарына көмектесу туралы өткізген іс шараларында табиғатты күте білуге, суды үнімдеуге тәрбиелеу арқылы үйретті. Жоспар бойынша белгіленген ойын сауықтар, мерекелер өту қарсаңында әр баланың өзін ұстай білуін, айналадағы затқа ұқыпты қарауға отбасының мүмкіндіктеріне сәйкес өзін бақылауға, жақын адамдарға балабақша қызметкерлеріне өз көмегін ұсынып, оларды қуанышқа бөлуге машықтандыру барысында жеке тұлға тәрбиелеу жұмысы көрсетілді. Балалардың «Әлеумет» білім беру саласы бойынша бағдарламаны меңгеру нәтижесі: Жоғары— 93%, Орташа—4%, Төмен— 2%.
Педагог кадрлармен жұмыс	Жыл бойы кадрлармен жүргізілген жұмыс нәтижесі қызметкерлердің педагогикалық білімін, талдау және зерттеу дағдысы, бала дамуының психологиялық-педагогикалық қолдауды ұйымдастыра білуге кіретін кәсіби құзыреттілікті меңгергендерін көрсетті. Аттестацияға өтетін педагогтар өз іс-тәжірибесін ортаға салып, шығармашылық есеп беріп, өз жинақтарымен педагогтарды таныстырды. Педагогтардың бірнеше мақалалары республикалық және облыстық журналдарға жарияланды. Үздік педагог-2023 байқауынан З.А.Урнғалиева бас жүлде қалалық, облыстық деңгейде жеңіп алып, Республикалық байқауға жолдама алды. Қалалық байқаудан -Бас жүлде-1, I орын- 10, II орын-4, III орын – 10, Алғыс хат- 5 үлделі орындарымыз бар
Ерекше білімді қажет ететін балалармен жұмыс	

1.1.Денсаулық пен салауатты өмір салтын қамтамасыз ету, осы бөлімде: Балалардың өз денсаулығына саналы көзқарасын тәрбиелеп, денсаулықтың адамға табиғаттың берген басты құндылығы екенін түсіндіріп, көзғалыс белсенділігін дамытуға жағдай жасау. Ата – аналармен тәрбиешілер арасында спорттық шаралар ұйымдастыруды дәстүрге айналдыру. Физикалық қасиеттерді дамыту бағыты бойынша осы міндеттерді жүзеге асыру барысында ұжым жыл бойы кіріктірілген ұйымдастырылған іс әрекеттер өткізіп тәрбиешілер өздерінің тәжірибелерімен бөлісті. Әсіресе, балалардың дене бітімінің дұрыс дамуына ықпал ететін, денсаулығын нығайту мақсатына көп көңіл бөлініп, түрлі іс-әрекеттер және спорттық жарыстар, ата-аналармен біріккен сайыстар ұйымдастырылып жүйелі жұмыстар жүргізілді. Ұйымдастырылған іс-әрекеттерде, спорттық және қимылды ойындар үрдісінде, жеке жұмыстар да, балалардың қимыл-қозғалыс қызметтерінде, педагогтер балалардың дене шынықтыру қызметінің жақсаруына жұмыстанды, медициналық және алдын-алу жұмыстарын қоса істеді. Оның барысында балаларда жалпы дене дайындығы жақсарды, жылдамдық және күш сапалары дамыды. Өз-өзіне қызмет көрсету туралы түсініктерін қалыптастыру үшін жүйелі жұмыс және жағдай жасау жолымен педагогтер балаларда салауатты өмір салтының өмірлік дағдылары мен біліктіліктерін, тұрмыстық заттарға деген қамқорлықты дамытты, көшелер де, табиғат жағдайында өзіне және өз денсаулығына құндылықпен қарауға тәрбиеледі.

Денсаулықты нығайту бойынша жұмыс нақты ұйымдастырылған, дене шынықтыру-сауықтыру процесі арқылы көп көңіл бөлінеді. Балабақшадағы емдеу - сауықтыру жұмыстары суық тию, тұмау және ЖРВИ-мен сырқаттанушылықты талдау негізінде құрылды, олардың көрсеткіштері күзгі-қысқы-көктемгі кезеңде артады. Барлық емдеу-сауықтыру іс-шаралары педиатр-дәрігермен келісіледі. Бөбекжайда ұжымында баланың денсаулығына, жан саулығына жалпы өмірін сақтауға көп көңіл бөлініп қамқорға алынады. Балалардың денсаулығын сақтау басты міндет болғандықтан бұл жан-жақты қаралады, мысалы, педагогикалық үрдісті бақылау немесе мақсаттық қатысулар бойынша ертеңгілік жаттығулар, шаттық шеңберлері, ұйқыдан кейінгі шынықтыру шаралары, серуен секілді күн тәртібінің барлық бөлімдері үнемі бақылауда болады. Ай сайын тәрбиешілер топ балаларымен «Шынығамыз бәріміз», «Жүзден жүйрік», «Сылдырмақты сылдырлат», «Толағай», «Күзгі оқиғалар», «Күзгі спортландияға», «Қысқы ойындар», «Спорт батырлары» т.б ойын-сауықтар,денсаулық мейрамдары, ұйымдастырды. Топтар бойынша ұйқыдан кейінгі шынықтыру жаттығулар жинағы жасалып, күн сайын жаттығулар жасалып тұрады. Ата-аналармен «Біз спорттық жанұя», «Әкем, шешем және мен» сайыстары оздырылды

2024-2025 жылғы балалардың ауруы бойынша сараптама

ОРВИ – 52;Жедел Бронхит – 3 ;Жедел Фарингит – 43,Атопиялық дерматит – 1
Жедел инфекциялық аурулар - 1 бала болды.

Арнайы емдеу-профилактикалық жұмысты ұйымдастыру үшін денсаулық топтары бойынша жиындық деректер: тереңдетілген медициналық тексеріп қарау нәтижелері бойынша динамикалық бақылау тобын(денсаулық топтары), денесінің даму денгейін, дене шынықтыру сабақтары жүргізілді.

2023-2024 оқу жылы бойынша **Денсаулық топтары:** 1 гр здоровья – 46;2 гр здоровья – 34;3 гр здоровья – 0

Бөбекжай бойынша жылдық жұмыс барысында балалар арасында: санитарлық эпид. талаптар вирустық, ішек-инфекцияларының алдын-алу мақсатында, профилактикалық шаралар (кенестер, қысқаша түсініктер) тәрбиешілерге, ата-аналарға өткізіледі.(ішек ауырулары тіркелген жоқ). Тері аурулары тіркелген жоқ. Паразитарлық аурулардың алдын-алу мақсатында (педикулез, чесотка қарсы проф. тексеріс 7-10 аралығында тексеріледі). Әр ай сайын емдеу-профилактикалық (оның ішінде балалардың денсаулық жағдайын динамикалық бақылау,шынықтыру, сауықтырудан өту ж/е басқасы) жүргізіледі.

Сауықтыру жұмысын ұйымдастыру, шынықтыру, рационалды тамақтануды ұйымдастыру

Балалардың дене бітімдерінің дұрыс қалыптасуына, қан айналымының жақсартуына, көздерін дем алтуға, балалардың арқалары қолдарындағы, табандарындағы нүктелерді оятуға арналған жаттығуларды жасау жұмыстары күнделікті ұйымдастырылады. Суық тиюге және майтабанға қарсы жаттығулар жасау арқылы балалардың денсаулығын нығайту, дене сымбатын жетілдіру, қимыл-қозғалыс дағдыларын дамыту.балалардың көңіл –күйін көтеру,мәдени-гигиеналық талаптарды орындау тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу. Түскі ұйқыдан кейін баланың сергек болуы тәрбиешінің ерекше назар аударуын талап етеді, сондықтанда күнделікті ұйқы ашар шаралары мен жаттығуларын бақылау барысында барлық топтарда түскі ұйқыдан кейін баланы сергіту гимнастикасы уақытылы белгіленген тәріп бойынша жасалады. Оның дене бітіміне жайлылық және психологиялық жағымды әсер береді. Ұйқыдан ояну кезі келгенде ақырын ырғақты әуен қойып, оянудың міндетті шарттарын жасай отырып баланың оянуына мүмкіндік береміз. Тәрбиеші балаларды көтеренкі көңіл-күймен оятады, өйткені ұйқыдан оянған баланың бірінші көретіні-ол күлімдеген жылы жүзді адам. Ұйқыдан ояту шараларын баланың жас ерекшелігіне сай 7 минуттан бастап 15 минутқа дейін жүргізуге болады. Ал ересек топ балалары үшін 20 минутқа созылуы мүмкін

Біздің тәжірибеміздегі ұйқыдан кейінгі сергіту жаттығуларының түрлері:

1. Төсек үсті жаттығулар мен өзін-өзіне массаж.
2. Ойын түріндегі массаждар
3. Әр түрлі массаж құралдарын пайдалану арқылы жаттығу жасау.
4. Табанға арналған кілемшелер үстімен жүру.
5. Шынықтыру-сауықтыру.
6. Музыкалы-ырғақты жаттығулар.

Ұйқы ашар жаттығуларын жасауға балалардың қызығушылығын арттырып қимылдық іскерліктерін жақсартуға, оларды дұрыс және дәл орындай білуге үйретуге жағдай жасалды. Балалардың жалпы физиологиялық жетілуін жақсарту, қимыл қозғалыс арқылы биологиялық қажеттілігін қанағаттандыру, жағымды эмоцияналды көңіл күй ортасы жасалды. Барлық топтың тәрбиешілері балалармен жұмыс істеп, мәдени-гигиеналық дағдыларын қалыптастыруға байланысты режимдік сәттерді ұйымдастыруда санитарлық нормалар мен талаптарды жақсы сақтаған.

Жаңадан келген балаларды күнделікті күн режиміне үйрету (ата-аналармен қарым –қатынас орнатып, жақынырақ танысып, балаларының өсіп –өнуі жөнінде түсінік беру т,б) жұмыстары жоспарға сай ұйымдастырылды.

Мәдени-гигиеналық дағдыларын қалыптастыруға байланысты:

- тамақты шайнағанда ауызды жауып шайнау
- үстелде отыру мәдениетін қалыптастыру
- топта өзін ұстау ережелерін сақтау
- ойыншықтарды күтіп ұстауға тәрбилеу
- киімдеріне ұқыпты қарауға, өзіне-өзі қызмет етуге, тиянақтылыққа қарауға үйрету жұмыстары жүргізілді.

Бала үстел басында тек дұрыс отыруды ғана емес, сонымен қатар асхана құралдарын пайдалануды, сыпайы , ұқыпты болуға үйренді

Тамақтану - баланың физиологиялық және психологиялық өсу үдерісінің қалыпты, дұрыс өтуін қамтамасыз ететін маңызды факторлардың бірі, тамақ сапасының төмендеуі бала ағзасының қорғау-бейімдеу механизмінің деңгейінің төмендеуіне әкеліп соғады және аллергиялық әрекеттің өсуіне мүмкіндік туғызады, сондай-ақ асқорыту ағзасының ауруына себепші болады. Сондықтан да біздің бөбекжайда тамақ сапасына ерекше көңіл бөлінеді.

Біздің мекемеде тамақты ұйымдастырудың негізгі принциптері мыналар:

- * Тамақ мөлшерінің энергетикалық құндылықтары баланың энергетикалық шығындарына сәйкес келеді;
- * Тамақ мөлшеріндегі барлық ауыстырылатын және ауыстыруға болмайтын азық түліктер теңдестірілген.
- * Тамақ мөлшерінің теңдестірілуін қамтамасыз ететін азық-түліктер мен тамақтардың көптеген түрлері;
- * Азық-түліктердің технологиялық және аспаздық дұрыс өңделуі, олардың тамақ құндылықтарының бастапқы қалпын сақтауға бағытталған, сондай-ақ тағам дәмінің жоғары сапасы.
- * Үйлесімді тамақтану тәртібі, айналадағы жағдай балалардың тамақтаны мәдениетін дағдыландыруға себепші болады;
- * Тамақтануға деген гигиеналық талаптарды сақтау (тамақтану қауіпсіздігі)

Біздің бөбекжайда күніне 5 рет тамақтанады: Таңғы ас – сүт ботқалары: сұлы, күріш, қарақұмық, бидай, макарон өнімдерінен көже. Ботқалар жұмыртқа, ірімшік өнімдерімен ауыстырылып отырады. Сусын ретінде сүт қосылған кофе, какао, маймен, сыр бутерброды. Түскі ас: бірінші ыстық тағам - щи, борщ, көкөніс көжесі, балық сорпасы, жарма немесе макарон өнімдері қосылған көжелер. Екінші тағам – бұқтырылған ет, тартылған ет қосылған тағамдар. Үшінші тағам – кепкен көкөністерден компот, кисель. Бесіндегі ас - сүт, ішетін йогурт, шырын, печенье, тоқаштар немесе бөлкелер. Тәулік тобындағы балалар кеші ас: ыстық тағам ет қосылған ,шай,компот, жатар алдында сүт немее айран ішіп жатады.Тамақты сақтау және дайындау үдерісіне және ас үйге деген санитарлық-гигиеналық талаптарды қатаң түрде сақтау балалардың тамақтарын дұрыс ұйымдастыру үшін маңызды.

Бөбекжайға келіп түсетін барлық азық-түліктер санитарлық ережелерге сәйкес санитарлық-эпидемиологиялық қорытындылары бар.

1.2.Мектепалды топ балаларының мектепте оқуға дайындық деңгейі талданады

- Өткен оқу жылында «Аққу», «Гүлдер», «Дарын» мектепалды

тобында 20 бала тәрбиеленді, Жыл басындағы индикатор көрсеткіштерін негізге алып, педагогтер мен мамандар балаларының мектепте дайындық деңгейіне аса мән беріп, кешенді жұмыстарды ойын түрінде, кіріктірілген іс-әрекеттер мен бақылаулар, тәжірибедер мен зерттеу жұмыстары арқылы ұйымдастырды. Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын меңгеру бойынша мектепалды топ балаларының аралық және қорытынды мониторингі жасалып, тәрбиешілер ата-аналармен бірлескен қызметтер арқылы жақсы нәтижелерге қол жеткізді. Оқу жылының соңында балалар 100 пайыз мектепке дайын екені анықталды.

№	Дағдылар тізбесі	Мектепалды жасы (5 жастан бастап)	
		Топтар саны/балалардың саны	Дағдыларды игерген балалар саны %
1	Денсаулық сақтау дағдылары	3\20	20/100%
2	Коммуникативті-тілдік дағдылар	3\20	20/100%
3	Танымдық дағдылар	3\20	20/100%
4	Шығармашылық дағдылар	3\20	20/100%
5	Әлеуметтік дағдалар	3\20	20/100%

2024-2025 оқу жылында жыл басында 91 бала болды, оның Денсаулық сақтау дағдылары бойынша игерген балалар саны 57/63%; Коммуникативті-тілдік дағды игерген балалар саны 48/53%; Танымдық дағдылар игерген балалар саны 39/42%; Шығармашылық дағды игерген балалар саны 45/49%; Әлеуметтік дағдалар игерген балалар саны 47/52%.

Жыл соңында бөбекжайда 108 бала болды. Жыл бойы балалармен жеке жұмыстар, іс-әреке, ойындар арқылы жұмыстанып жыл соңында жғары нәтиже көрсетті. Денсаулық сақтау дағдылары бойынша игерген балалар саны 93/82%; Коммуникативті-тілдік дағды игерген балалар саны 88/81%; Танымдық дағдылар игерген балалар саны 88/81%; Шығармашылық дағды игерген балалар саны 91/84%; Әлеуметтік дағдалар игерген балалар саны 93/82%;



1.3.педагогтердің кәсіби шеберлігін арттыру нәтижелері

Оқу жылы	Аттестаттаудан өтетін педагогтер		
	Педагог-зерттеуші	Педагог-сарапшы	Педагог модератор
2024-2025 оқу жылы	-	-	2

Өткен оқу жылына педагогтердің әдістемелік көмекке түске өтінімдері бойынша жұмыстар толықтай ұйымдастырылды. Оқу жылының ЭНХ-мен, нормативті-құқықтық құжаттармен таныстыру жұмыстары, сауалнамалар өткізу және бақылау нәтижелері бойынша көмек, кеңес); МДҰ-дағы әдістемелік жұмыс жүйелері талданады. Жас мамандар сұранысы бойынша қазан айында перспективалық жоспар құру бойынша іс-тәжірибелік жұмыстар өтіп тәлімгерлермен және әдіскермен ұйымдастырылды. Ойындарды ұйымдастыру, ертеггіліктер жоспарын құру және өткізу, ата-аналармен жұмысты ұйымдастыру тақырыптарында кешестер берілді. «Бейнелеудің әдіс-тәсілдерін тиімді қолдану», «Ойын алаңын көгалдандыру» тақырыбында шеберлік сыныптар және оқу жылының соңында «Менің шығармашылық қоржыным» тақырыбында көрме ұйымдастырылды.

Педагогикалық жұмыстың деңгейін көтеру барысында педкеңестер, семинар - практикумдар, іскерлік ойындар, дөңгелек столдар, кеңестер, шебер – кластар жүргізілді. Педагогикалық жұмыстың қорытындысы жасалғанда оқу жылының негізгі бағыттары бойынша жұмыстардың орындалғаны байқалды.

- бірінші – нұсқаушылық, бұнда алдыңғы оқу жылының жұмыс қорытындысы жасалды, 2024-2025 оқу жылының жылдық жоспарымен таныстырылып, бекітілді, балабақша жұмысында қолданылатын бағдарлама тізбегінің аңдатпасы, жылдық жоспардың бекітілуі, оқу кестесі, 2024-2025 оқу жылындағы қосымша білім берудің жоспары, кадрларды топтарға бөліп орналастыру жұмыстары. Сонымен қатар, жаңа оқу жылына әр топтың жас ерекшеліктеріне байланысты оқу бағдарламалары бекітілді.

II. Жылдық міндеттерді жоспарлау Балабақшаның басты міндеттері

№	Міндеттер сипаты	Күтілетін нәтиже
1	Педагогтің әдістемелік сауаттылығын дамыту	Педагогикалық құндылықтарды бойына игерген тұлға қалыптастыру;
2	Балалардың интеллектуалдық деңгейін көтеру	Тәрбиеленушілердің коммуникативтік, әлеуметтік - эмоционалды, қарым-қатынас мәдениетімен азаматтық негіздерін қалыптастыру

«Айяна» жеке мектепке дейінгі білім беру мекемесі топтарының жиынтығы

Топтар	Тәрбиешілер
«Балдырған» кіші тобы	Адушева Алия Мұстахқызы Бактығалиева Айгерім Айдосқызы
«Ақбота» ортаңғы тобы	Елемесова Жансауле Аманжоловна Дюсемуратова Шұға Қошанқызы
«Балбөбек» ересек тобы	Нургалиева Данагуль Аманбаевна Кумарова Дариға Нурлановна
«Күншуақ» мектепалды тобы	Измуханова Гульмира Сагидулаевна Дуйсемуратова Шұға Қосшанқызы

Мектепке дейінгі ұйымды нормативтік құқықтық қамтамасыз ету

№	Құжаттың атауы	Құжаттардан нұсқаулар
1	«Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III Заңы. Заңы. https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319	30-бап. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту 1. Алты жасқа дейінгі балаларды мектепке дейінгі тәрбиелеу отбасында немесе бір жастан бастап мектеп жасына жеткенге дейін мектепке дейінгі ұйымдарда жүзеге асырылады. Ерекше білім берілуіне қажеттіліктері бар балаларды мектепке дейінгі тәрбиелеу психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияның қорытындысы және ұсынымдары ескеріле отырып, мектеп жасына жеткенге дейін мектепке дейінгі ұйымдарда жүзеге асырылады 2. Мектепке дейінгі оқыту балаларды мектепте оқытуға мектепалды даярлық түрінде бес жастан бастап жүзеге асырылады. Мектепалды даярлық міндетті және отбасында, мектепке дейінгі ұйымдарда, жалпы білім беретін мектептердің, лицейлердің және гимназиялардың мектепалды сыныптарында жүзеге асырылады. Мемлекеттік білім беру ұйымдарындағы мектепалды даярлық тегін болып табылады.
2	«Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» 1997 ж. 11 шілдедегі № 151-І Қазақстан Республикасының Заңы. https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z970000151	Осы Заң Қазақстан Республикасында тілдердің қолданылуының құқықтық негіздерін, мемлекеттің оларды оқып-үйрену мен дамыту үшін жағдай жасау жөніндегі міндеттерін белгілейді, Қазақстан Республикасында қолданылатын барлық тілге бірдей құрметпен қарауды қамтамасыз етеді.
3	«Қазақстан Республикасындағы баланың	Осы Заң балаларды қоғамдағы толымды

	құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы N 345 Заңы. (23.11.2010 № 354-IV ҚРЗ өзгерістермен). https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z020000345	өмірге даярлау, олардың қоғамдық мәні бар және шығармашылық белсенділігін дамыту, әлемдік өркениеттің жалпы адамзатқа тән құндылықтары негізінде оларды жоғары имандылық қасиеттерге, елжандылық пен азаматтыққа тәрбиелеу, олардың бойында ұлттық сана-сезімді қалыптастыру принциптерінің басымдығына сүйеніп, баланың Қазақстан Республикасының Конституциясында кепілдік берілген негізгі құқықтары мен заңды мүдделерін іске асыруға байланысты туындайтын қатынастарды реттейді.
4	«Ойыншықтардың қауіпсіздігі туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 21 шілдедегі N 306 Заңы. https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000306	Осы Заң ойыншықтар қауіпсіздігі мәселелері жөніндегі талаптарды айқындау, белгілеу, қолдану, орындау және бақылау жөніндегі қоғамдық қатынастарды реттейді. Ойыншықтарға қолдануға және орындауға міндетті бірыңғай талаптарды белгілейді.
5	«Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 293-VI ҚРЗ. https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1900000293	Осы Заң педагог мәртебесін айқындайды, педагогтің құқықтарын, әлеуметтік кепілдіктерін және шектеулерін, міндеттері мен жауапкершілігін белгілейді.
6	Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексі Қазақстан Республикасының Кодексі 2015 жылғы 23 қарашадағы № 414-V ҚРЗ (2016 жылғы 6 сәуірдегі № 483-V ҚРЗ өзгерістермен). https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1500000414	Кодекс қызметкерлер мен жұмыс берушілер арасындағы еңбек қатынастарын реттейді, еңбек шарты тараптарының құқықтары мен міндеттерін, еңбек жағдайларын белгілеу және өзгерту тәртібін, кепілдіктер мен өтемақыларды, көтермелеу және өндіріп алу шараларын, сондай-ақ еңбек құқығының басқа да мәселелерін айқындайтын нормаларды қамтиды.
7	«Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 4 маусымдағы № 258 Конституциялық Заңы. https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000258	Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздерін пайдалану тәртібі айқындалған.
8	«Мемлекеттік-жекешелік әріптестік туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 2015 жылғы 31 қазандағы № 379-V ҚРЗ. https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1500000379	Осы Заң мемлекеттік-жекешелік әріптестіктің құқықтық жағдайларын, оның жүзеге асырылу тәсілдерін айқындайды және мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасын дайындау мен іске асыру, мемлекеттік-жекешелік әріптестік шартын жасасу, орындау және тоқтату процесінде туындайтын қоғамдық қатынастарды реттейді.
9	«Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 11 шілдедегі N 343 Заңы.	Осы Заң кемтар балаларды әлеуметтік, медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдаудың нысандары мен әдістерін айқындайды, дамуында кемістігі бар балаларға көмек көрсетудің тиімді жүйесін жасауға, оларды тәрбиелеу,
10	Мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің м.а. 2023 жылғы 21 шілдедегі № 224 бұйрығы. https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2300033166	Мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдарда штат саны мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйымдары қызметкерлерінің үлгілік штаттарына сәйкес белгіленеді. Педагогтердің штаттық кестесі мен тарифтеуі мектепке дейінгі ұйымдардың ресми сайттарында орналастырылады.
11	«Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасын бекіту туралы» Қазақстан	Баланың жайлы және қауіпсіз болуын қамтамасыз ететін инфрақұрылым құру,

	Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы № 726 Қаулысы. https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2100000726	меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығы мен түрлеріне қарамастан, мектепке дейінгі ұйымда балалардың инклюзивтілігін, даралығы мен ерекшеліктерін қолдауды қамтамасыз ететін білім беру кеңістігін құру.
12	«Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 15 наурыздағы № 137 қаулысы. https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2100000137	Модельде дені сау, тәуелсіз, ізденімпаз, коммуникативті, сыни тұрғыдан ойлайтын балаларды қалыптастыру мен әлеуметтендіруді көздейтін тәрбие мен оқыту жүйесін трансформациялау арқылы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды дамытудың бағыты мен принциптері анықталған.
13	«Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 249 қаулысы. https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300000249	Тең бастапқы мүмкіндіктер жасау. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға қолжетімділікті кеңейту. Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарындағы мазмұнды Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жаңа моделі шеңберінде жаңғырту. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласын көшбасшылық негізінде басқару тиімділігін арттыру.
14	«Мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, мамандандырылған, арнаулы білім, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, балаларға және ересектерге қосымша білім беру ұйымдарының үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығы. https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029329	Мектепке дейінгі ұйымдардың қызмет тәртібі мен міндеттерін, жас топтарының толымдылығын және т. б. анықтайды.
15	«Мектепке дейінгі білім беру саласында мемлекеттік қызметтер көрсету қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 19 маусымдағы № 254 бұйрығына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 18 қарашадағы № 464 бұйрығы. https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200030643#z4	Қағидалар меншік түріне, нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан, мемлекеттік білім беру тапсырысы бар мектепке дейінгі ұйымдарға мектеп жасына дейінгі балаларды бос орындарға қабылдау (кезекке қою, жолдама беру, құжаттарды қабылдау, мектепке дейінгі ұйымға қабылдау) тәртібін айқындайды.
16	«Білім беру ұйымдары түрлерінің номенклатурасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы БҒМ 2013 жылғы 22 ақпандағы № 50 Бұйрығына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы ҚР БҒМ Министрі м.а. 2016 жылғы 29 желтоқсандағы №726 бұйрығы. https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1300008390	Білім беру ұйымдарының түрлерін тиісті үлгілері бойынша анықтайды: бөбекжай, балабақша, отбасылық бөбекжай, санаториялық бөбекжай, «бөбекжай-балабақша-мектеп» кешені, мектепке дейінгі шағын орталық.
17	«Білім беру мониторингін жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2014 жылғы 12 қарашадағы № 459 бұйрығы. https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2100025925	Білім беру мониторингін жүзеге асыру тәртібін айқындайды.

19	«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы. https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029031	Үлгілік оқу бағдарламаларының мазмұны оқытудың күтілетін нәтижелері нысанында ұсынылған мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізуге, жас балаларда қимылды, коммуникативтік, когнитивтік, шығармашылық, әлеуметтік білім мен дағдыларды қалыптастыруға және тәрбиелеу мен оқыту үшін психологиялық-педагогикалық жағдайлар жасауға бағытталған. Бір жастан бес жасқа дейінгі балалар үшін оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптарды айқындайды және денсаулық сақтау, коммуникативтік, тілдік, когнитивтік, шығармашылық және әлеуметтік дағдылар саласында туғаннан бастап 1 сыныпқа түскенге дейінгі балалар үшін жасына сәйкес дағдыларды нақтылайды.
20	«Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 Бұйрығы. https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1200008275	Тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі бөбек жасындағы (1-2 жас) және мектеп жасына дейінгі балаларға (3-5 жас) арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларында айқындалады. Мектепке дейінгі білім берудің вариативті оқу жоспарларын әзірлеу кезінде тәрбиеленушілердің жасын, психофизиологиялық мүмкіндіктері мен ерекшеліктерін ескере отырып, тәрбиеленушілерге арналған оқу жүктемесінің максималды көлемі сақталады.
21	«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ министрі м.а. 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы № 422 бұйрығы. https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200030183#z3	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының мазмұны Үлгілік оқу жоспарына және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпыға міндетті стандартына сәйкес мыналарды қамтиды: 1) тәрбие-білім беру процесінің міндеттерін іске асыру; 2) ұйымдастырылған іс-әрекеттің мазмұны; 3) білім беру қызметін тиімді интеграциялау; 4) тәрбие мен оқытудың сабақтастығы, үздіксіздігі қағидаттарын қамтамасыз ету; 5) ұйымдастырылған іс-әрекеттің күтілетін нәтижелері.
23	«Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы № 486 бұйрығы. https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200031053	Білім беру ұйымдарын бағалау Өлшемшарттары білім беру ұйымдарының білім беру қызметін өзін-өзі бағалауды жүзеге асыру кезінде оларды пайдалану мақсатында «Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 21-2) тармақшасына сәйкес әзірленді.
25	«Мектепке дейінгі ұйымдарға және сәбилер үйлеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 9 шілдедегі № ҚР ДСМ-59 бұйрығы. https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2100023469	Баланың өмірі мен денсаулығын, баланың физикалық, эмоционалдық және психикалық дамуын қорғау жөніндегі жұмысты қамтамасыз ету.
26	«Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен	Мектепке дейінгі ұйымдарды жабдықтармен және жиһазбен жабдықтау нормалары анықталды.

	жарақтандыру нормаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 70 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 7 маусымдағы № 265 бұйрығы. https://adilet.zan.kz/kaz/docs/G22H0000265#2	
29	«Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру және жүргізу, сондай-ақ педагогтің қызметін курстан кейінгі қолдау қағидалары» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 95 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 қазандағы № 415 бұйрығы	Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру, өткізу тәртібін, сондай-ақ олардың қызметін курстан кейінгі сүйемелдеуді ұйымдастыру, өткізу тәртібін айқындайды. Білім беру ұйымы жыл сайын: 1) педагогтердің біліктілігін арттырудың перспективалық даму жоспарын жасайды және өтінім дайындайды.
